



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 15-22 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 25 сәуір

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 22 сәуірде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 2,3%-ға (454,27 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары 443,99 теңге деңгейінде қалыптасты.



Сыртқы валюта нарығында 2022 жылдың 15-22 сәуір аралығында бірқатар маңызды оқиға болды. АҚШ ФРЖ Төрағасы бағаның тұрақтылығын қалпына келтіру үшін шаралар қабылдауға дайын екенін мәлімдеп, мамыр айындағы отырыста мөлшерлемені 50 б.т. көтеру туралы шешімнің қаралуы мүмкін екендігін айтты. Сонымен қоса, Нью-Йорктегі ФРБ басшысы Джон Уильямс мөлшерлемені пайыздық тармақтың жартысына көтеру орынды шешім деп мәлімдеді. ҚХР-дағы карантиндік шектеулер аясында наурызда бөлшек сауданың төмендеп (-3,5% ж/ж), жұмыссыздықтың өскені (5,8%) туралы деректер әлемдік экономиканың өсімін тежейді деген алаңдаушылық бар. Мөлшерлемелерінің жылдам өсіміне қатысты АҚШ ФРЖ-ның күтулері тәуекел активтердің серпініне теріс әсер етті.

Бұл факторлар, негізінен, дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасын көрсетті.



Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының серпіні төмендегідей қалыптасты:

- **Ресей рублі** экспорттаушыларды салық төлемдеріне даярлау аясында 5,7%-ға (80-нен 75,45-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 0,1%-ға (14 381-ден 14 362-ге дейін) нығайды. Индонезия орталық банкі мөлшерлемені 3,5% төмен деңгейде сақтады;
- **үнді рупиясы** АҚШ-тың ФРЖ саясатының күшеюіне байланысты шетелдік капиталдың әкетілуіне қатысты алаңдаушылық аясында 0,4%-ға (76,18-ден 76,48-ге дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** АҚШ ФРЖ басшысының ақшаға қатысты талаптарды одан әрі күшейту саясатын қолдау туралы түсініктемелері аясында 0,7%-ға (14,64-тен 14,74-ке дейін) әлсіреді;
- **Мексика песосы** АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы аясында 1,3%-ға (19,97-ден 20,23-ке дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** инвесторлардың мөлшерлемелерді күрт арттыруды жалғастыруы бойынша күтулерінің төмендеуі аясында 2,1%-ға (4,7-ден 4,8-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** инфляция талдаушылардың болжамынан төмен – 5,9%-ға ж/ж өсуі аясында 6,7%-ға (14,63-тен 15,61-ге дейін) әлсіреді, бұл жуырдағы отырыста мөлшерлеменің көтерілу ықтималдығын төмендетеді.

**Дамушы елдерде валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың 15-22 сәуір аралығы)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2022 жылғы 8 сәуір =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz